

Кәрібаев Б.

тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bereketbk64@gmail.com

ШЫҒАЙ ХАН

Автор бұл мақаласында XVI ғасырдың 80-ші жылдарының басында Қазақ хандығын билеген Шығай ханның өмірі мен билік құрған жылдарында жүргізген саясаты мәселелерін қарастырады. Ортағасырлық парсы, шағатай деректеріндегі мәліметтер мен зерттеулердегі тарихнамалық материалдарға сүйеніп, автор Шығай ханның тарихи болмысын анықтауға тырысады. Шығай ханның шығу тегіне, өмірінің сұлтандық кезеңінде Хақназар ханмен, Жалым сұлтанмен бірге Қазақ хандығының қайта өрлеу үдерісі мен қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу барысына қосқан үлесіне талдау жасалынады. Мақалада Шығай ханның билікке келу жолы арнайы талданады. Сондай-ақ автор Шығай ханның билік құрған жылдарында жүргізген саясаты мен оның Бұхара билеушісіне кетуінің себептері арнайы қарастырылады. Осы мәселе жөніндегі бұрын айтылған кейбір тұжырымдарға жаңаша қарап, автор оған қатысты өзіндік ойларын білдіреді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Хақназар хан, Шығай хан, Мауереннахр, шайбанилар әулеті, Абдолла хан.

Karibaev B.

Doctor of Historical Sciences, ass. professor, Kazakh National University al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bereketbk64@gmail.com

Shygay Khan

In this article, the author considers the issues of the policy-making of Shygay khan, when he ruled the Kazakh khanate and his life in the early 80s of the 16th century. The author tries to determine the historical image of Shygai Khan basing on the information of medieval Persian, Chagatai sources and on historiographic materials. The author made an analysis of the origin of Shygai Khan, an analysis of the contribution and activities of the khan in the revival of the Kazakh Khanate, together with Khaknazar Khan and the Zhalym Sultan and the process of the formation of the Kazakh ethnic territory. The article specifically discusses the coming to power of Shygai Khan. The author also considers the policy of Shygai Khan during his reign and the reasons for his departure to the ruler of Bukhara. The author considers some concepts on this issue from a new point of view and expresses his opinion on this matter.

Key words: Kazakh Khanate, Hakhnazar Khan, Shygay Khan, Mavrennahr, the Shibanid dynasty, Abdulla Khan.

Карибаев Б.

доктор исторических наук, профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bereketbk64@gmail.com

Шигай хан

В этой статье автор рассматривает проблемы периода правления и жизни Шигай хана в начале 80-х годов XVI века в Казахском ханстве. Исследователь раскрывает исторический портрет Шигай хана, опираясь на персидские и чагатайские исторические источники и историографические материалы. Автор анализирует исторический вклад Шигай султана вместе с Жалым султаном в процесс повторного возвышения Казахского ханства в период правления Хакназара, а также

проблемы его происхождения и формирования этнической территории казахского народа. В статье особое место отведено времени прихода к власти Шигаи хана. Автор обращает внимание на проблемы правления Шигаи хана и причины его ухода к правителю Бухары. Исследователь представляет новую точку зрения на концептуальные исторические подходы к освещению этих проблем.

Ключевые слова: Казахское ханство, Хакназар хан, Шигаи хан, Маверанахр, династия шайбанидов, Абдаллах хан.

Кіріспе

XVI-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының жоғары билігінде болған тарихи тұлғаларды билік құрған уақытының мерзіміне қарай, жүргізген ішкі-сыртқы саясатының белсенділігіне қарай, ел тарихында сіңірген еңбегі мен оның маңызына қарай, соған байланысты есімдерінің танымалдығына қарай шартты түрде үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа аса танымал тұлғалар – Керей хан мен Жәнібек хан, Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хандар еңсе, келесі топқа қалың көпшілікке онша таныс емес, есімдері көп айтыла бермейтін тұлғалар – Мамаш хан, Ахмет хан (Қожа Ахмет хан), Тоғым хан, Бұйдаш хан, Жәнібек хандарды (Есім хан ұлы) жатқызуға болады. Ал үшінші топқа есімдері бірінші топтың қатарына жататындардай танымал емес және екінші топтағы тұлғалар секілді беймәлім де емес тұлғалар кіреді. Олар – Бұрындық хан, Тахир хан, Тұрсын хан. Осы тізімге – Шығай хан есімі де енеді.

Шығай хан – қазақ тарихында өте аз уақыт билікте болғанымен, оның тікелей ұрпақтары Қазақ хандығының туы түпкілікті жығылғанға дейін екі жарым ғасыр билікте болады. Қазақ хандығының жығылған туын қайта көтеруге күш салған Кенесары хан да осы Шығай ханның ұрпағы болып келеді.

Біз бұл мақаламызда Шығай ханның өмір жолы мен билікте болған жылдарына назар аударып, оның өміріне қатысты кейбір бұрынғы тұжырымдарға басқаша пікірлер беруді мақсат еттік.

Әдістеме

Шығай ханның өмірі мен билік құрған жылдары жүргізген саясатын қарастыру барысында біз тарихи мәселелерді зерттеу барысында қолданылатын принциптер мен ғылыми зерттеулердің тәсілдері қолданылды. Шығай ханның ата-бабалары, әсіресе Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кездегі ата-бабаларын қарастырғанда сабақтастық және үздіксіздік

принциптері басшылыққа алынды. Аталған принциптерді қолдану барысында Шығай ханның ата-бабаларының Дешті Қыпшақ аумағындағы билігі үзілмегендігі көрсетілді.

Шығай ханның тарихи болмысын анықтау үшін ортағасырлық авторлардың деректеріндегі мәліметтер – Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағының», Хафиз Таныштың «Шарафнаме-йи шахи» атты еңбегінің, Махмуд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» атты еңбегінің, XVI ғасырдың соңындағы оқиғаларды баяндайтын орыс деректеріндегі мәліметтердің, сондай-ақ В.В. Вельяминов-Зернов, А. Исин, В.В. Трепавлов секілді мамандардың зерттеулеріндегі тарихнамалық материалдар пайдаланылды. Бұрынғы айтылған кейбір тұжырымдар жаңа деректер мен жаңа материалдарды салыстыра қарау нәтижесінде өзгеріске ұшырап, тың пікірлерге негіздер қаланды.

Шығай хан

Шығай хан – Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның немересі, Жәдік сұлтанның көп ұлдарының бірі. Жәнібек ханның тоғыз ұлы болғаны белгілі. Ортағасырлық деректердің шежірелік мәліметтерінде оның әкесі – Жәдіктің есімі Жәнібек ханның тоғыз ұлының ең кенжесі ретінде соңынан беріледі (Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, 1969:42). Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде Жәнібек ханның тоғыз ұлы туралы мынадай мәліметтер айтады: «Оның (Жәнібек ханның) ұлдарынан немерелеріне дейін таралып көп ұрпақ өсіп-өнді. Бірақ олардың әрбірі бір ұрық [әулет] болып өз уалаяттарында патшалық құрып билеп өтті» – дей келе, үш ұлды – Қасым ханды, Үсек (Үснак, Ұзақ) ханды және Жәдік ханды «хан» лауазымымен жазады да, Қамбар мен Әдікті «сұлтан» деп көрсетеді (Қадырғали Жалайыр, 1997: 121-122). Ал қалған төрт ұл: Иренджи сұлтан (Жиренше), Махмуд сұлтан, Жаныш сұлтан, Тыныш сұлтан және олардың ұрпақтары туралы ешқандай мәліметтер жазбайды.

Шығай ханның әкесін Қадырғали Жалайырдың және тағы басқа ортағасырлық авторлардың

деректерінде «хан» лауазымымен айтылуына қарағанда, ол – Қазақ хандығындағы бір ірі ұлыстың билеушісі болса керек. «Шежірелер жинағының» авторы «Жәдік ханның көптеген әйелдері мен күндері болды, оның балалары да көп еді» – деп, одан әрі «Оның аса әйгілі даңқты ұлдары: Тоғұм хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан мен Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің шешесі Абайқан бегім еді», – деп жалғастырады (Қадырғали Жалайыр, 1997: 122).

Кейбір зерттеушілердің Жәнібек ханның екі ұлын – Жәдік пен Әдік сұлтандарды бір адам деп қабылдап, соңғысы қайтыс болған 1503 жылды – Шығай хан әкесінің өмірден озған жылы деп түсінетіндігін және мұндай тұжырымның қате екендігін Т.И. Сұлтанов өз зерттеулерінде дәлелдеген (Сұлтанов, 2001:190). Сол себепті де біз бұл жерде Шығай ханның әкесіне қатысты мәселеге тоқталып жатпаймыз. «Шежірелер жинағындағы» мәліметтерге қарап, Жәдік ханның шамамен қай жылдары қайтыс болғанын анықтауға болады. Қадырғали Жалайырдың: «Жәдік хан. Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен бірге шаһит болды. Оның қабірі Үргеніштегі Бақырған атада жатыр», – деген мәліметі XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары болғанын көрсетеді (Қадырғали Жалайыр, 1997:122). Шағым мырза, ол – Шейх-Мұхаммед (Сихым, Сагим деп те айтылады) XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары ноғай ұлыстарында зор беделге ие болған Мұса бидің ұлдарының бірі. Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңінде 70-ке жуық қазақ сұлтандарының қаза тапқаны туралы деректерде айтылса, Шығай ханның әкесі солардың бірі болған.

Шығай хан өмірінің сұлтандық кезеңі жөнінде Қадырғали Жалайырға сүйенсек, ол былай деп баяндайды: «Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды» (Қадырғали Жалайыр, 1997: 122). Осы бір сөйлемнің өзі бізді Шығай ханның жас шағындағы жеке болмысынан хабардар ете алады. Ол таққа келер кездегі жасы сексенге таяп қалса, онда оның дүниеге келген кезі шамамен XVI ғасырдың алғашқы жылдарына сәйкес келеді. Ал Қазақ хандығы үшін ең ауыр болған сол ғасырдың 20-30-шы жылдары Шығай сұлтан орда бұзатын жаста еді. Осы жылдары батыстағы ноғай мырзаларымен, Мауереннахрдағы шайбанилық сұлтандармен және Шығыс Түркістандағы шағатайлық сұлтандармен болған сансыз шайқастардың бел ортасында жүріп, жас сұлтан ретінде батырлығымен, батылдығымен көзге түскен секілді. Жоғарыда

айтып өткеніміздей, осы жылдары сыртқы жаулармен болған көптеген шайқастар мен ұрыстарда жетпіске жуық хандар мен сұлтандар қаза тапса, Шығай осылардың бәрінен аман қалып отырады. Бүкіл Дешті Қыпшаққа оның атақ-даңқы осы жылдары таралып кетсе керек. Қ. Жалайырдың мәліметі осыны көрсетіп отыр. Ал «Шараф-наме-йи шахи» еңбегінің авторы Хафиз Таныш болса оның өмір жолы туралы: «... далада ержетіп, ұлы істерді жасауда небір қиындықтарды басынан өткерді, көп уақыттар бойы өмірдің тәтті мен ащы дәмін татты», – деп бейнелеп суреттейді (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 275).

Хақназар ханның 40 жылдай билігі тұсында Шығай қазақ қоғамындағы ең танымал тұлғалардың біріне айналады. Ортағасырлық мұсылман авторларының деректері мен орыс тіліндегі ресми құжаттарда оның есімі Хақназар ханмен, Жалым сұлтанмен бірге аталады. Хафиз Таныш: «Хақ-Назар-хан, Жалым-сұлтан, Шығай-сұлтан, Достай-сұлтан секілді қазақ билеушілері (падишахан-и казак) басқа да бауырларымен және ұлдарымен Талас өзенінің бойында орналасты», – деп баяндаса (Шараф-наме-йи шахи, 1969:246), осы жылдардағы орыс тіліндегі деректердің мәліметтерінде қазақ билеушілерінің есімдері «Хақназар хан, Шығай сұлтан, Жалым сұлтан және тағы басқа сұлтандар», – деп рет-ретімен айтылады (Асфендияров, Кунте, 1935: 128; Исин, 2005: 151). Бұл келтірген деректердің бәрі Шығай ханның ресми түрде билікке келген кезіне дейінгі қазақ қоғамындағы мәртебесі мен ел басқарып отырған билеуші топ арасында алған орнын көрсетсе керек.

Әзірге тарих ғылымына белгілі және ғылыми айналымға енгізілген дерек мәліметтерінде Шығай ханның есімі Хақназар ханмен бірге XVI ғасырдың 60-шы жылдарының соңындағы қазақ-ноғай қатынастарына байланысты кездесе бастайды. Бұл жылдар Қазақ хандығының қайта өрлеу кезеңіндегі жан алысып, жан берісіп жатқан жылдар болатын. XVI ғасырдың 50-ші жылдарының ортасындағы Ноғай Ордасындағы саяси және экономикалық дағдарыстар ноғай жұртын қатты күйзеліске ұшыратып, елді Үлкен ноғайлы және Кіші ноғайлы деп аталатын екі бөлікке бөліп жіберген болатын. Саяси күрестер барысында ноғай мырзаларының бір бөлігі қазақтарды паналауға мәжбүр болады. Міне, осы жылдары Хақназар хан, Шығай сұлтан және тағы басқа сұлтандар бастаған қазақ күштері Еділ-Жайыққа дейінгі жерлерді қайтару

үшін күресті бастап кетеді. Осы жылдардағы күрестер барысында алғаш рет Шығайдың есімі орыс деректерінде кездесе бастайды. 1569 жылы ноғайларға барып қайтқан орыс елшісі Семен Мальцев: «...и Казатцкие орды Акназара царя и Шигая царевича и Челыма царевича, а с ними 20 царевичев, приход их был на Нагай, и был бой писал...», – деп хабарлайды (Асфендиаров, Кунте, 1935: 128; Исин, 2005: 151).

Бұл кезде Үлкен ноғайлы елінің биі Исмайыл ұлы Дін-Ахмед би (1563-1578 жж. би болған) болатын. Ноғай Ордасы тарихының маманы В.В. Трепавлов қазақ күштерінің ноғайларға қарсы жасаған осы жорығының уақытын 1568 жылдың күзінде болған деп нақты дәлелдейді (Трепавлов, 2016:331). Ноғайларды толық жеңілістен Астраханнан көмекке келіп жеткен орыс патшасының әскері құтқарып қалады (Исин, 2005:152). Ал 1570 жылы тамыз айында Қырымдағы Мәскеу елшісі Афанасий Нагой Жем мен Жайық өзендері аралығында көшіп-қонып жүрген Шейх-Мамай ұрпақтарына қазақтардың келесі жорығын ұйымдастырғанын баяндайды: «А сказывали деи царю, что Казатцкие Орды Акназар царь ногайских мурз Шихмамаевых детей побил...» (Исин, 2005:153). Бұл дерек мәліметінде Хақназар ханның есімі жалғыз айтылғанымен, оның жанында Шығай және тағы басқа қазақ сұлтандары болған деп тұжырым жасауға толық негіз бар. Өйткені, осы жылдары Қазақ хандығының батыста ноғайлармен, солтүстікте Сібір хандығымен жүргізген қарым-қатынастарының нәтижелі болуы, тек қазақ қоғамындағы ханнан кейінгі екінші саяси тұлға болып саналатын Шығайдың және басқа да сұлтандардың ханмен бірге болып, ортақ мақсатта қимыл жасауының арқасында жүзеге асқан деп санаймыз.

1579 жылдан бастап Хақназар хан, Шығай сұлтан және басқа қазақ сұлтандарының іс-әрекеттері оңтүстік бағытта, Мауереннахрдағы шайбанилық сұлтандарға қатысты жүргізіле бастайды. Осы кездегі оқиғалар барысын тарихшы Хафиз Таныш біршама жақсы баяндайды.

XVI ғасырдың 40-шы жылдары Мауереннахрда басталған саяси дағдарыс сол ғасырдың 70-ші жылдары одан әрі өрши түсіп, күрес шибанилық сұлтандардың екі тобы арасында жүреді. Дешті Қыпшақтағы «көшпелі өзбектер» мемлекетінің 1428-1469 жылдардағы билеушісі болған Әбілқайыр ханның екі шөбересі – II Абдаллах хан мен Баба сұлтан күрес отын одан әрі қыздырады. Олардың шығу тегі былайша тарқатылады: Әбілқайыр ханның 11 ұлының екіншісі – Қожамұхаммед, одан Жәнібек сұлтан,

оның 12 ұлының ең кішісі – Ескендір хан, Ескендір ханнан – II Абдаллах хан, ал Әбілқайыр ханның тоғызыншы ұлы – Сүйініш қожа сұлтан, ол Ұлығбектің қызы Рабиға бегімнен туған. Одан Наурыз Ахмед хан (Барақ хан), оның сегіз ұлының үшіншісі – Баба сұлтан (Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, 1969; Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар, 1969: 354-357).

1550-1570-ші жылдары Мауереннахрда II Абдаллах хан ең күшті саяси күшке айналып, шибанилық сұлтандардың иеліктерін бірте-бірте күшпен бағындыра бастайды. 1557 жылы ол Бұхараны басып алады да, әкесі Ескендірді 1560/1561 жылы Бұхарада хан көтереді. 1573 жылы Балхты, 1574 жылы – Хисарды, 1578 жылы – Самарқанды алады (Гафуров, 1989: 274). Келесі қала Ташкент болды. Ташкентте ол Наурыз Ахмед ханның үлкен ұлы Дербіс сұлтанды билеуші ретінде отырғызады. Наурыз Ахмедтің үшінші ұлы Баба сұлтан туған ағасын өлтіріп, өзін хан деп жариялайды да, II Абдаллах ханға қарсы шығады. Шибанилық екі хан өз жағына Қазақ ханы мен сұлтандарын тартуға тырысады. Сол кездегі қазақ билеушісі – Хақназар хан Баба сұлтан мен II Абдаллах хан арасындағы талас-тартыстарда геосаяси тұрғыда Бұхара билеушісін қолдайды. Өйткені Ташкенттің күшеюі Сыр бойындағы қалалар мен жайылымды жерлерге қауіпті болатын. Кез келген уақытта ташкенттік билеушінің жарлығымен осы маңдағы қазақ рутайпалары тонау мен талан-таражға түсетін. Сол себепті де Хақназар ханға іргедегі қарсыласын күшейткеннен гөрі алыстағы қарсыласымен одақтасу тиімді болды. Сол мақсатта Хақназар хан мен II Абдаллах хан арасында «келісім мен одақ» жасалады.

Баба сұлтан өз билігін сақтап қалу үшін небір қитұрқы тәсілдерді қолданады. Біресе Бұхара ханына бағынатынын білдірсе, біресе оған қарсы шығады. Қазақ билеушілерінің саясаты туралы Бұхараға жалған ақпараттар беріп отырады. Ақыры ол 1580 жылы сәуір айында Шарабхана өзені бойында өзімен кездесуге келген Жалым сұлтанды, оның екі ұлын, Хақназар ханның екі ұлын қапысызда өлтіреді де, Хақназар ханды өлтіруге ең сенімді адамдарының бірі – шибанилық Бузахур сұлтанды аттандырады (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 254). Дерек мәліметінде Хақназар ханның нақты қалай қаза тапқандығы айтылмаса да, біз бұл қайғылы оқиғаны 1580 жылдың сәуір айының соңында болған деп есептейміз. Осы деректің 1580 жылдың 10 маусымындағы оқиғаларды баяндайтын мәліметінде қазақ

ханы деп Шығай есімі атала бастайды (Шараф-наме-йи шахи, 1969:256).

Біз төменде Шығай ханның 1580-1582 жылдардағы өмірі мен жүргізген саясатын баяндауды оның 1581 жылғы Абдаллах ханға кетуінен бастағанды жөн көріп отырмыз. Осы кетудің себептерін түсінгенде ғана біз, Шығай ханның қалай хан болғанын және не себепті Бұхара билеушісіне келгенін түсіне аламыз.

Зерттеушілердің бәрі Шығай ханның өз ұлдарымен Абдаллах ханға келуінің себебін толық түсіндіруге тырысып келеді. Алғаш рет мұны В.В. Вельяминов-Зернов мәселе ретінде көтеріп, былай деп жазған болатын: «Шығай ханның неге өмірінің соңында даланы Бұхараға айырбастағанын шешуге тырыспаймыз. Мүмкін, Абдаллах ханның қуатының артқаны туралы хабар және тағы да басқа жағдайлар оны өзбектерден пана іздеуге итермелеген шығар» (Вельяминов-Зернов, 1864: 337). Ал А.П. Чулошников бұның себебін Шығай ханның қазақ жеріндегі беделінен айырылуымен түсіндіреді (Чулошников, 1924: 142). 2010 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихының» академиялық басылымында бұл мәселе тереңірек қарастырылып, оның мынадай себептері былайша көрсетіледі: «Тегінде, Шығай хан амалсыздан кеткен болса керек: оны басқа да қазақ хандары қудалаған. Шынына келгенде, Шығайдың Абдаллах ханға кетуіне бірнеше себептер болған және қазақ ханының бұл саяси қадамын сол себептерді кешенді түрде алғанда ғана түсіндіріп бере алады» – дей келе, «Орын алған жағдай өзара қырқыс туғызды, оларға сыртқы саяси қиыншылықтар қосылды. Қазақ әміршілері орын алған жағдайдан шығар жол іздеуге мәжбүр болды да, олар Орта Азия жағына көз тікті» (Қазақстан тарихы, 2010: 409-410). Белгілі тарихшы Т. Омарбеков те осындай тұжырымдарды қолдай келе, Шығай ханның Абдаллах ханға кетуін былайша түсіндіреді: «Осындайда қол астындағы елді қорғай алмай, оның үстіне қазақ сұлтандарының сенімінен айырылған Шығай хан амалсыздан бұхаралық Абдолладан көмек сұрауға мәжбүр болды» (Омарбеков, 2015 : 79).

Біз де жоғарыда келтірген зерттеушілердің пікірлерімен толық қосыла келе, өз тарапымыздан қосымша ретінде мынадай ойларды білдіреміз. Шығай ханның Мауереннахрға кетіп, сонда қайтыс болуы және сол маңда жерленуі қазақ хандары арасында болған алғашқы оқиға емес. XVI ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы жасаған төрт жорығына ешқандай қарсылық ұйымдастыра

алмаған Бұрындық хан да, ел ішіндегі беделінен айырылып, 1510-1511 жылдар шамасында өз әулетімен Самарқан жаққа қоныс аударған еді. Және де сол жақта қайтыс болып, мәңгілік мекенін Үргеніштен тапқан еді.

Шығай ханның Абдаллах ханға келуін баяндайтын дерек мәліметінің әр сөзіне терең үңіліп көрелік. Хақназар ханның көзі тірі кезінде Қазақ хандығының сыртқы саясаттағы іс-әрекеттерін баяндауда дерек авторлары ханның есімін және 3-4 беделді сұлтандардың есімдерін қосып айта-тын. Мысалы, Хафиз Таныш: «Хақ-Назар-хан, Жалым-сұлтан, Шығай-сұлтан, Достай-сұлтан секілді қазақ билеушілері (падишахан-и казак) басқа да бауырларымен және ұлдарымен...», – деп жазады (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 256). Біз бұдан Хақназар хан тұсында қазақ билеуші тобы арасында ауызбіршілік пен саяси бірліктің болғанын аңғарамыз. Ал Хақназар ханнан соң билікке келген Шығай ханның жүргізген саясаты мен іс-әрекеттерін баяндайтын мәліметтерде хан есімі жалғыз немесе ұлдарымен ғана бірге айтылады. Ал бұрынғы Жалым сұлтан, Достай сұлтан және жиырмаға жуық сұлтандар есімдері айтылмайды. Соған қарағанда Шығай ханның билікке келуіне қазақ сұлтандарының бір тобы наразы болған секілді. Осылайша, қазақ билеушілері арасында ауызбіршілік азайған деуге болады.

Егерде Хақназар ханның қаза табуы 1580 жылдың сәуір айының соңғы он күні ішінде болса, Шығайдың «хан» лауазымымен алғаш рет жазба деректе аталуы маусым айының алғашқы он күніне сәйкес келеді. Жазба дерек мәліметіне ілінгенге дейін-ақ Шығайдың хан болуы әбден мүмкін. Соған қарағанда Хақназар ханның қазасынан кейін бір айдың о жақ, бұ жағында Шығай «хан» лауазымын иеленген сияқты. Ал қазақ халқында хан сайлау рәсімінің өткізілу дәстүрі бойынша, қаза тапқан ханды жерлеуден кейін бүкіл елге хабар жіберіледі. Таққа үміткер өзін қолдайтын сұлтандармен, билермен, бектермен, батырлармен ашық түрде, жасырын түрде келіссөздер жүргізеді. Басқаша айтқанда, ханның кандидатурасы әбден пісіп-жетілдіріледі. Содан кейін ғана хан сайланатын күн белгіленеді. Хан сайлау – көбінесе, ханды ұлықтау, рәсімдеу, яғни хан көтерумен аяқталады. Сол кездегі жағдаймен салыстыра қарасақ, хан сайлау рәсімі бірталай уақытқа созылатын болған. Ал Шығайдың хан болуы жоғарыда айтқандай, өте қысқа уақытта өткен. Бұл дегеніміз – Шығайды хан сайлауға бүкіл қазақтың саяси және билеуші тобы емес, ханға жақын аз ғана топ қатысып, өте

қысқа уақыт ішінде хан көтерген. Міне, осыдан кейін Шығайдың ел арасындағы беделі таудан домалаған тастай құлдырай бастаған.

Мұны сезінген Шығай хан өзінің ішкі қарсыластарынан жоғары тұру үшін, өзіне қолдау табу үшін Абдаллах ханға арқа сүйейді. Хафиз Таныш қазақ қоғамындағы қалыптасқан жағдайдан хабардар болып, Шығай хан туралы өз мәліметінде «...Шығай Абдаллах ханға бағыну белдігін беліне байлайтындығын және [оған] берілгендіктің бұғауын мойнына ілетіндігін хабарлады», – деп суреттейді (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 256). Ал Шығай ханның Баба сұлтан әскеріне аттанып, сәтсіздікке ұшырауы қазақтар арасында бірліктің болмауының салдары дейміз. Осылайша, Шығай ханның Абдаллах ханға келуінің себептеріне біз жоғарыда айтылған дәлелдемелерімізді жатқызамыз.

Шығай ханға қатысты одан арғы баяндауымызды жалғастыралық. 1580 жылдың маусымы мен 1581 жылдың маусымы аралығында Шығай ханға қатысты оқиғалардың ішінде біреуі ғана өте қысқаша түрде баяндалады. Ол – Баба сұлтанға қарсы аттанып, жеңіліс табуы болатын. Осылайша, Шығай хан үшін алғашқы шайқас сәтсіз басталып, жалғасын табады. Сөйтіп, дерек мәліметінде оның 1581 жылы маусым айының басында Қаратал деген жерде орналасқан Абдаллах ханның ордасына ұлы Тәуекел сұлтанмен және басқа да ұлдарымен ғана келгендігі айтылады (Шараф-наме-йи шахи, 1969:257). Дерек мәліметінен оның бір елдің ханы болып ресми ретінде емес, керісінше бас сауғалап, өз елінен қашып келген адамның кейпін байқауға болады. Оны біз автордың мынадай мәліметінен көреміз. «Кейбір жекелеген беделді адамдар мен сарай қызметкерлерінің араласуымен ол [Абдаллах ханмен] кездесу құрметіне ие болды» (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 257). Мауереннахр билеушісі өз кезегінде Шығай ханға ерекше құрметтер көрсетеді. «Шараф-наме-йи шахи» еңбегінде: «[Шығай ханға] ерекше құрмет пен мейірбандылықтың барлық түрі көрсетілді, [Абдаллах-хан] оған Ходжент жерін иктаға берді. Ол Шығай ханды жағымды уәделермен үміттендірді және сенімді көмек беруге уәде берді [және] ханға лайықты той жасады», – деп жазады Хафиз Таныш (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 257). Одан әрі дерек авторы Шығай ханның өте риза болғандығын және әрбір сағат, әрбір минут сайын Абдаллах ханды мақтап өлең айтқанын жазады.

Осы келтірген дерек мәліметінен мынадай жағдайларды көреміз.

Біріншіден, Шығай ханның Абдаллах ханмен кездесуі мемлекетаралық кездесу емес, сол себепті кездесуді арнайы адамдар емес, жеке адамдар ұйымдастырған. Бұдан шығатын қорытынды – Шығай хан Абдаллах ханға амалсыздан келген.

Екіншіден, Абдаллах хан Шығай ханмен тең дәрежеде емес, керісінше, аяушылықпен қарап, мейірбандық көрсеткен. Соған қарағанда Шығай ханның жағдайы онша жақсы да болмаған.

Үшіншіден, Шығай ханға иктаға жер берген. Абдаллах хан өзіне керек адамдарды қажет кезінде пайдалану үшін қол астында ұстауды жөн көрген.

Төртіншіден, Абдаллах хан Шығай ханға сенімді көмек беруге уәде берген. Бұдан түйетін ой мынау: Абдаллах хан Шығай хан мен оның ұлдары арқылы Қазақ хандығының ісіне араласып, солтүстіктегі көршісін өзіне жартылай тәуелді етуді немесе ондағы билеуші топты үнемі саяси араздықта ұстап отыруды мақсат еткен.

1581 жылдың маусым айының соңында Абдаллах хан Бұхараға қайтар жолда Шығай ханды Ходжентке жібереді де, Тәуекел сұлтанды өзінің жанында қалдырады (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 262).

Шығай ханға қатысты келесі және соңғы дерекке оның ұлы Тәуекел сұлтанмен бірге Абдаллах ханның 1582 жылдың наурызы мен тамызы аралығында Баба сұлтанға қарсы жасаған жорығына қатысқандығы туралы мәлімет жатады. Баба сұлтанның соңына түскен Абдаллах хан Орталық Қазақстандағы Ұлытау маңында қарсыласының орналасқанынан хабардар болады да, әскерін сапқа келтіреді. Абдаллах хан әскерінің оң қанатының авангардына Шығай ханды, Тәуекел сұлтанды тағайындайды. Жошы хан мавзолейінің маңында орналасқан Баба сұлтан қарсыласының қимылына төтеп беруге шамасының жетпейтінін біліп, маңғыттарға қарай қашады. 1582 жылдың 29 сәуір күні Шығай хан бастаған авангард Баба сұлтанның адасып қалған тобына шабуыл жасап, мол олжаға кенеледі.

Маңғыттардан қолдау таппаған Баба сұлтан кері оралып, тамыз айында Сығанақ жаққа келеді. Осы маңда Шығай ханның ұлы Тәуекел сұлтанның әскери тобына тап болады да, ұрыс барысында қаза табады. 1582 жылдың 7 тамызы күні оның кесілген басы Абдаллах ханға әкелінеді (Шараф-наме-йи шахи, 1969: 311).

Хафиз Таныштың деректерінде Шығай ханның есімі 1582 жылғы Абдаллахтың Баба

сұлтанға қарсы жасаған жорығында соңғы рет кездеседі. Осыны негізге алып тарихшылардың бәрі осы жылды Шығай ханның қайтыс болған жылы деп санайды.

Қадырғали Жалайыр Шығай хан туралы: «Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли Атаның қасына жерленген болатын», – деп жазады (Қадырғали Жалайыр, 1997: 122).

Ал В.В. Вельяминов-Зернов болса, Шығай хан «жалғыз қалып, қайтыс болды», – деп нақтылай түседі (Вельяминов-Зернов, 1864:276).

Шығай ханның ұрпақтары туралы мол мәліметті Қадырғали Жалайыр береді. Ол «Шығай ханның әйелдері көп еді, олар белгілі үш кара шаңырақтан (ордадан) тұратын», – деп, бірінші әйелі Байм бегімнен – Сейітқұл сұлтан мен Ондан сұлтан, Алтын ханым; екінші әйелі Жағат қызы Яхшым бегімнен – Төкей хан (Тәуекел хан), Есім сұлтан, Сұлтан Сабыр бек ханым; үшінші әйелі, Бұрындық ханның қызы Дадам ханымнан – Әли сұлтан, Сұлум сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шаһим сұлтан дүниеге келеді (Қадырғали Жалайыр, 1997: 122-123).

Т.И. Сұлтанов өз зерттеуінде Шығай ханның басқа да әйелдерінен туған ұлдарын атап өтеді. Олар мыналар: Кішік сұлтан, Абулай сұлтан, Бусайд сұлтан, Шах-Мухаммед сұлтан, Жан-әли сұлтан (Султанов, 2001: 191-192).

Шығай ханның ұлдары ішінде екі ұл ғана, Тәуекел хан мен Есім хан 40 жылдай билікте болады. Ал одан кейін екі ғасырдан астам уақыт бойы Шығай хан немерелерінің ұрпақтары Қазақ

хандығының саяси тарихында басты рөлдерді атқарады.

Қорытынды

Шығай ханның тарихи болмысына арналған ойларымызды түйіндей келе мынадай тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, Шығай ханның сұлтандық кезеңіндегі мәліметтер оның батыл, ержүрек болғандығын, бүкіл Дешті Қыпшаққа оның аты есімі тарап, кең танымал болғандығын көрсетеді.

Екіншіден, хан тағын иеленгенге дейін ресми хан Хақназар ханның сенімді серігі болып, Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінде тұрақтылықтың сақталуына және Қазақ хандығының сыртқы саяси беделінің артуына өз үлесін қосады. Сондай-ақ қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуының аяқталуын жүзеге асыру жолында күрестер жүргізеді.

Үшіншіден, Шығай ханның ресми хан ретінде Бұхара билеушісін қолдап қана қоймай, Мауереннахрға біржолата кетуінің себебі Дешті Қыпшақ аумағындағы ішкі саяси жағдайлармен түсіндіріледі. Шығай ханның билігіне наразы қазақ сұлтандары оны елден кетуге мәжбүрлеген. Абдоллах ханның қабылдауын баяндаған дерек мәліметтеріне терең талдаулар жасау осындай тұжырымға әкеледі.

Соңғы пікірімізге, Шығай хан өте аз уақыт хан болғанымен оның ұрпақтары онан кейінгі бірнеше ғасыр бойы Қазақ елінің билеушілері болады.

Әдебиеттер

- Асфендияров С.Д., Кунте П.А. (1935). Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I. (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.). Алма-Ата –Москва: Казакское краевое издательство.
- Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. (1969). Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). (далее МИКХ) Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата.
- Вельяминов-Зернов В.В. (1864). Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. Санкт-Петербург.
- Гафуров Б. Г. (1989). Таджики. кн. II. Душанбе: «Ирфон»
- Жалайыр Қ. (1997). Шежірелер жинағы. Алматы: «Қазақстан».
- Таварих-и гузида-йи нусрат-наме. МИКХ.
- Исин А. (2005). История Казахстана в русских источниках. Том I / Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.). Алматы: «Дайк-Пресс» .
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (2010) Бес томдық. 2-том. Алматы: «Атамұра».
- Омарбеков Т. (2015). Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы: «Эксклюзив КА».
- Султанов Т.И. (2001). Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. (Казахстанские востоковедные исследования). Алматы: «Дайк-Пресс».
- Трепавлов В. В. (2016). История Ногайской Орды. Отв. ред. М.А. Усманов. 2-е изд., испр. и доп. Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость».
- Чулошников А.П. (1924). Очерки по истории киргиз-казацкого народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен: Часть первая. Древнее время и средние века. Оренбург.
- Шараф-наме-йи шахи. (1969). МИКХ.

References

- Asfendiyrov S.D., Kunte P.A. (1935). Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah. [The past of Kazakhstan is in sources and materials]. Sbornik I. (V v.do n.e. – XVIII v. n.e.) Alma-Ata, Moskva: Kazakskoe kraevoe izdatelstvo.
- Bahr al-asrar fi manakib al-ahiar. (1969). Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij). (odan ari MIKH) [Materials on the history of Kazakh khanates]. Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishhulina, V.P. Judin.
- Veliyminov-Zernov V.V. (1864). Issledovanie o Kasimovskih carjah i carevichah. [Research about Kasymov's tsars and czarevitches]. Ch.2. Sankt-Peterburg.
- Gafurov B.G. (1989). Tadjiki. [Tadjiks]. Kn. II. Dushanbe: «Irfon»
- Zhalauyr. K.(1997). Shezhireler zhinagy. [Collection of annals]. Almaty: «Qazagstan».
- Tawarikh-I guzida-Yi Nusrat-name. (1969). MIKH.
- Isin A. (2005). Istorija Kazahstana v russkih istochnikah. [History of Kazakhstan is in the Russian sources]. Tom I. Posolskoe materialy Russkogo gosudarsva (XV-XVII vv.). Almaty : «Dyke-Press».
- Qazaqstan tarihy (kone zamannan buginge deyin). [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Bes tomdyk. 2-tom. Almaty: «Atamura», 2010. 640 b.
- Omarbekov T. (2015). Uly dalany daratulgaly: Qazaq handary. [Individuals of the great steppe: the Kazakh khans]. Almaty, «Ekskluziv KA». 180 b.
- Sultanov T.I. (2001). Podnjatye na belo koshme. Potomki Chingiz-hana. [Lifted on white koshm. Descendants of Chingiskhan]. (Kazakstanskije vostokovednyy issledovaniy). Almaty: «Dyke-Press».
- Trepavlov V.V. (2016). Istorija Nogajskoj Ordy. [History of Nogaiyskoi Horde]. Otv. red.MM. A. Usmanov. 2-e izd., ispr. i dop. Kazan: Izdatelskiy dom «Kazanskaya nedvizhimost».
- Chulozhnikov A.P. (1924). Ocherki po istorii kirgiz-kazakskogo naroda v svjazi s obshhimi istoricheskimi sud'bami drugih tjurkskih plemen. Chast' pervaja. Drevnjaja vremja i srednie veka. [Sketches on history of the Kyrgyz-kazakh people in connection with the general historical fate of other Turkic tribes]. Chast' pervajiy. Drevniy vremiy i srednie veka. Orenburg.
- Sharaf-name-ii shahi. (1969). MIKH.